

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

Империалистік соғыстан титығы жетіп әлсіреген ақ патша өзінің отарындағы "бұратана" халықтарды майданның қара жұмыстарына алу туралы "июнь жарлығын" жариялағаннан кейін ұлт-азаттық көтерілістің негізгі орталығы болған Торғай даласындағы Әбдіғалар Жанбосынов, Амангелді Иманов бастаған көтерілістің ықпалымен Ырғыз өңірінде де қол жиналып патша үкіметіне қарулы қарсылық жасалынды. Алғаш Ырғыз өңірінің Бақсайыс, Талдық, Белқопа, Темірастау болыстарының халқы Әбдіғалар ханмен байланысып, хабар алып көтерілісті саналы түрде өрбітіп, ұйымдасқандық көрсетті. Патша жарлығымен Ырғыз қаласына болыстар мен ақсақалдар жиналып тізім жасау, қара жұмысқа 16-31 жастың аралығындағы жігіттерді тезірек жонелту сияқты жұмыстарды жүргізу үшін 2 ай мерзім мұрсат алып, оған дейін елді үгіттеп көндіруге кірісті. Сол сапарда Бақсайыстың болысы Нұралы Жүсіпұлы алдымен жігіт беремін деп ерекше беделге ие болды. Бақсайыс елі Нұралыға ош бола бастады. Қыркүйек тақалып қалды. Елдің сыңайын байқап Бақсайыстың болысы Нұралы қасына Есжанұлы Байшолақ, Игілікұлы Қораз, Шоңқыұлы Қабашбай, Ілешұлы Нұрмағанбет деген байларды және шабарманы Тіржанұлы Сарыны ертіп тамыздың 25-і күні Жармолаға (Ырғызға) аттанды. Бұны естіген ел дүр сілкінді. Атақ мініп қаруланған 100 қаралы ауыл азаматы Жүргенұлы Жұмағазыға ақыл салып, қол бастауды өтінді. Жұмағазы "сендер үшін, ел үшін басымды өлімге байладым" деп келісім берді. Елдің ақсақалдары, үлкен-кішісі жиналып Үймола деген жерде оғіз сойып, Жұмағазыны ақ киізге көтеріп хан сайлап батасын берді. Баяғыда қазақты орысқа бағындырмаймын деп орыспен соғысқан Орақ батырдың сары ала туын ешкі сойып қанына малып жиналған қолдың туы етіп бекітті. Бұл ту Орақтың Ұлы Баймағанбеттің үйінде сақталған екен.

Хан болып сайланған Жұмағазы ақсақалдармен кеңесіп ұйымдастыру ісіне шұғыл кірісті. Бес жүзден аса әскердің ішінде іріктелініп ханның ақылғой уәзірлері ретінде Байсақал ұлы Төлеген, Сұлтанұлы Тілеуберген, Ұкібайұлы Балшықбай, Ниеталыұлы Ыдырыс, Қожамұратұлы Сәмей - 5 кісі сайланды. Ханның іс қағаздарын жүргізуші хатшылары (жазушылары) болып Жұбаниязулы Айдарлықожа мен Ниеталыұлы Ыдырыс бекітілді. Ескі урдіспен ханның атасы болып Тілеуұлы Ниязан сайланды. Әскери құрылым бойынша мың басы, жүз басылар тағайындалып, әр 10 жігіт бір қосқа бірігіп қос тікті. Хан шатыры ерекшеленіп бөлек тігілді. Жылған әскерге тамақ, киім, қару-жарақ мәселесі ханның шешімімен әр қостың мүшесі күніне бір тоқты әкеліп сойып, кезектесу арқылы шешілді. Әрбір әскер өз киімі, өз атымен келуге тиісті болды. Әскерге қару-жарақты Жоламанұлы Боқан деген ұста соғып, табылған мылтық оңдалып, жан-жаққа ат шатырып хабар салынды. Жұмағазы ханның әскеріне жан-жақтан жігіттер қосылып, әскер саны күннен-күнге молайды.

Қыркүйектің бесінші жұлдызында 75 жігіт Көпжанұлы Оспан, Ниеталыұлы Ыдырыс, Ожанұлы Аққыманның басшылығымен патшаға жігіт беруге ниеттенген Бақсайыстың болысы Нұралыға қарсы Жұмағазы ханның: "қара жұмысқа жігіт беремін дегенін қойсың, патшадан алған наградасын тапсырсын, басын иіп берілің, оған қолбесе өлтіріп келіңдер" деген бұйрығын алып алғашқы соғысқа аттанды. Сарбаздар Нұралы болысқа Жұмағазы ханның жарлығын естіріп, өз талаптарын қойды.

Нұралы: "Мен істерімді істедім, орысқа қарғы бола алмаймын", - деп қасарысты. Сарбаздар хан жарлығын орындауға ниеттенгенде Нұралы қашып құтылмақ болады. Құлымбетұлы Баймағанбет қуып жетіп Нұралыны өлтірген. Әкесінің өлімін жоқтаған Нұралының қызы:

"Жұмағазы деген хан шықты,
Төлеген деген паң шықты.
Есіктен келіп атқанда,
Жан көкемнен жан шықты"...деп жылаған екен. ("Еңбекші қазақ" № 211. 24. IX. 1926). Нұралының өлімі бай болыстардың арасында үлкен қобалжу туғызды. Халықтан қорыққан мырзалар орыс әскерін паналап, пайдаланды дұрыс деп тауып Есжанұлы Байшолақ, Көкшімбайұлы Қораз, Шоңқыұлы Қанатбай деген байлар Ырғызға, Хан Көшек ұлдары Досалы, Бисеналы және Қартпамбетұлы Сеңгірбай орыстан жәрдем сұрауға Ақтөбеге аттанды. Олар Жұмағазы ханның ұстынен арыз қылып, көтерілісші сарбаздарға қарсы солдат сұрады. Бұл кезде қашқан байлардан сарбаздар 250 ат алып, Белқопа болысының жігіттері Жұмағазы ханның сарбаздарына қосылып әскердің ұзын саны мыңнан асты. Көтерілісті басуға қыркүйектің аяқ жағында 80 солдат шықты деген хабар естілді.

Талдық пен Темірастау болыстарының жігіттері Торға... бдіғалар хан бастаған сарбаздардың көтерілісін естіп Жұмағазыға қосылуға ниет қылды. Жұмағазы хан өзінің бес уәзірінің бірі Төлегенді бас қылып 15 адамды жіберіп, өзіне бағынышты етіп Сисекен Тілеуғұлұлы кіші хан сайлатты. Қыркүйектің 15-і күні кіші хан Сисекен мың жарым сарбазымен елден аулақ "Қақпақ тас" деген жерге бекініп елден мерген, ұста, етікшілерді жинап сарбаздарына қару-жарақ, киім тауып беру сияқты жұмыстарды ұйымдастырды.

Жұмағазы хан мен кіші хан Сисекен сарбаздарын соғысқа дайындап, әскердің ішкі құрылымын саралап, жан-жақтан хабар алдырып, ел ішінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатқанда патшаның 80 солдаты ел шетіне келіп жетті. Көшек хан ұлдары жөн қорсеткен жерде "Бөгет" деген елді мекенге жеткенде Жұмағазы хан Балтықбайұлы Салқай бастаған 500 сарбазын аттандырды. Сарбаздар "Белқопаға" келіп жеткенде орыс әскерлері "Қарақұрт" деген жерге бекінді. Тұманды күні жердетерге қарсы қозғалған сарбаздар жақын келіп араласып ұрыс салды. Бақайшағына дейін қаруланған орыстар мылтықтан оқ жауырып, сарбаздар қаша ұрыс салды. Осы алғашқы соғыста сарбаздардың басшысы Балшықбайұлы Салқай оққа ұшты. Сарбаздардан тағы бір адам өлді. Орыстардан 2 солдатты өлтіріп, сарбаздар кейін шегініп құтылып кетті. Сол сапарда сарбаздар Қарабұтақты алып, оның халқы ханға бағынды. Көтерілісшілер жолды бақылауға алып, телеграф бағаналарын сындырып байланысты үзді. Сарбаздар Белқопа болысының писарі Митрей деген орысты Ырғызға қашып бара жатқан жерінен ұстап алып өлтірді.

Сарбаздар дала қосында жатып оқиғаның ағысын аңдыды. Ел басына патша әскерінің жаулық лиғылы күшейе түсті. Қысым күшейе бастады.

Қазан айының аяқ кезінде Жұмағазы ханның сарбаздарының саны үш мыңнан асты. Хан хабар салып, әскер жинады. Кіші Сисекен ханнан Бүркітәлі Сисекенұлы бастаған мың сарбаз, Қызылжар болысындағы Тайшымы Орысұлы ханнан пұтық темір шоқпарлы Кемпір батыр бастаған 200 сарбаз келді. Сөйтіп ұзын саны 4200 сарбаз патша әскеріне қарсы екінші соғысқа аттанды.

Жұмағазы хан жарлығымен төрт мыңнан астам сарбаздың мың басылары болып Ниеталыұлы Жүгініс Жәңгірұлы Қуандық, Бәсқалұлы Төлеген, Сисекенұлы Бүркітәлі тағайындалды. Жиналған қолдың батыры "Шоқпарлы батыр" атанған Кемпір болды.

Осы кезде Ақтөбеден шыққан уезд бастығы Нестеров басқарған орыстың жазалаушы отряды "Бөгет" деген жерден шығып, Жұмағазы хан сарбаздары "Белқопа" мекенінен шығып, екі жақтың әскерлері "Қарақұдық" атты жерде кездесті.

Хан сарбаздары орыстың жазалаушы отрядын қоршап алды. Солдаттардың арасында үрей туып, кейін шегінетіндей ниет танылды. Бірақ жазалаушы отрядты бастап келген қазақтар хан сарбаздарында мылтықтың жоқ екендігін, қазақтардың қарапайым найза, айбалта, қылышпен ғана қаруланғандығын айтқаннан кейін, жердеттер көтерілісшілерге алыстан оқ атып тым жақындапай ұрыс салды. Жекелеген батыр сарбаздар солдаттарға қарсы шауып ерлік көрсетті. Үш күнге созылған қуғын-сүргін соғыста 16 қазақ оққа ұшып, Ниеталыұлы Жүгініс аяғынан жараланады. Орыс солдаттарынан 4 кісі өліп, сарбаздар кейін шегінді. Жазалаушы отряд қазақ қыстауларын өртеп, елді талауға ұшыратты.

Орыс жазалаушы отряды сарбаздарды жеңудің ең оңай жолы, олардың елін шапқыншылыққа ұшыратып ата-ана, бала-шағасына қысымшылық көрсету екейне көз жеткізіп, қазақ ауылдары мен қыстақтарын тонауға шықты. Қараша, желтоқсан айларында Қарабұтақты басып алып, елге солдат шығарып көтеріліске шыққан сарбаздардың үй-ішін қатты жазалауға шықты. Сарбаздар қоныс тепкен Үймолаңы қарағанының бір сибірткіші бұтасына отынға жағылды деп байлар көтерілісшілер мен олардың тұма-туысқандарынан бір-бір қой талап етіп толетті. Қарабұтақтан шыққан әскер хандар мен сарбаз бастықтарын ұстап, жазалауға кірісті. Барлығы 15 көтерілісші ұсталып, Қарабұтақта 10 күн түрмеде жатып, әуелі Ақтөбеге, кейін Орынборға айдалып, түрмеден тек ақпан тоңкерісінен кейін ғана босатылды. Үй-іші, тұма-туысқандары жазалауға ұшырап, өздері қарулы патша әскеріне қарсылық көрсете алмай сарбаздар ауыл-ауылдарына тарай бастады.

Қазан айының 30-ы күні Тауип, Аманкөл және Қызылжар болысының 6 мың көтерілісшілері подполковник Фон Розеннің отрядына қарсы шығып соғысты, 6 желтоқсанда Уллан станциясында 4 мың көтерілісші есауып Фроловтың отрядымен шайқасты. Рептомир Метельскийдің үш марштық эскадроннан құрылған отряды 9-11 желтоқсанда Кенжеғара болысының ауылдарын аралап, оларды түгелімен қиратты, ауылдарды қанға бөктірді. Қажықол маңындағы шайқаста Фон Розеннің отряды 800-ден астам көтерілісшілерді өлтірген.

Сарбаздар 70 мылтық (Ытыра), 2 бердеңке, найза, қылыш, тағы басқа қарулармен қаруланған патшаға жағынып, жігіттерді матап беруге бекінген байлардың бірнешеуінің малын айдап алып, Алматылы Мақанның бес жүз жылқысын, Қыдырбайұлы Фазылдың (Өзбек) 115 жылқысын, Қошқарбайұлы Қайралалтың 100 жылқысын сарбаздарға бөліп беріп мінгізген. Қыркүйектің 22 күні сарбаздар негізгі дайындық жұмыстарын аяқтаған.

Көтеріліс басшысы Ермағанбеттің қасында Уфа губерниясы Стерлі (тамақ) уезінен патша үкіметінің қуғынынан қашып келген Осин деген орыс сарбаздарға әскери шеберлік өнерін үйретіп, даярлық істерін басқарған.

Фазыл Қыдырбайұлы дүкен ұстап, Қошқарбай деген байдың үйінде жатып, сарбаздардың іс-қимылы туралы Ырғыздағы ақ патша әскеріне хабарлап тұрған. Фазылдың хабарынан соң елге әскер шығып, қазанның 20-күні Қызылқолды басып Ырғыздан Торғайға қарай өткен. Жолшыбай кездескен ауылды тонап, малды тонап, қарсылық көрсеткен ауыл адамдарын табанда атып тастап отырған. Танықұлы Шоқпай, Қоңырулы Ғабдырахман және Оспан деген жігіттер патша жердеттерінің қолынан қаза тапқан. Қазан айының 29-ы күні патша әскері Қызылқол бекетіне келіп құлап, негізгі отрядтан 40-50 солдатты сарбаздарға қарсы жіберген. Сарбаздар солдаттар жақындағанша жасырынбай, қарсын көбейтіп сес көрсетті. Солдаттардың қарауыл шолған 3 адамының біреуін сарбаздардың қарауылшылары мылтықпен атып өлтіргеннен кейін олар негізгі отрядқа қарай кейін шегініп, солдаттар алыстан сарбаздарды зеңбірекпен атқылаған. Сарбаздар зеңбірек оғынан кейін шегінген. Ырғыздан Қызылқолге қосымша әскерлер келіп, қарашаның 2-күні сарбаздарға қарсы жүрген. 60 солдат Қызылқолден Өлкейек жағасына келіп жетті. Оларға өзгенге бір шақырым жерге жақындағанда 100 шақты сарбаз алдын-ала ойластырғандай жазыққа қарай қашып, ізіне түскен солдаттар оларды қуған бетінде өзгеннен отіп қырға шыққанда, жасырынып тұрған 600 сарбаз қарсы шығып, солдаттар кейін қашты. Өткелге жақындағанда жасырынып тұрған сарбаздардың тағы бір бөлігі шыға келіп, солдаттар өзгенге құлады. Осы соғыста 8 солдат өліп, жиырмадан артығы мұздың астына кетіп, қалғаны шаққа қашып құтылған. Сарбаздардан Ерденұлы Есіркеп, Балташы Көлдейұлы Бірмағанбет қаза тапқан. Өлкейек жағасындағы шайқаста сарбаздар 8 винтовка, 38 қылыш, 2 ат, бірталай оқ олжалады. Қараша айының 7-сі күні сарбаздар Қызылқолге қарай аттанып жауды қашырмаққа ниеттенді. Қызылқолге 5-6 шақырым жерде сарбаздар солдаттардың күні бұрын орнатқан пулеметтеріне кезікті. Мың қаралы сарбаз жауған оққа тап келіп кейін ығысты, сексеннен астам сарбаз жараланып, 4 адам өлген екен. Өлгендердің ішінде Майлыаяқұлы Абдырахман, Өткелбайұлы Жабағы, Тұяқұлы Бекжан деген сарбаздар болған. Бұл Кенжеғара болысындағы соңғы шайқас еді. Осыдан кейін патша әскерлері елге ойран салып, оған мыңыстар басшы болып жол көрсетіп, 188 сарбазды ұстап беріп, майданның қара жұмысына айдады.

Бір мың үш жүз үйдің басын құлаған Қызылжар болысы халқының патшаның жарлығына қарсы көтерілісін Тайшымы Орысұлы басқарды. Тайшымы сарбаздары Қосшұңқыр деген сордағы жатақ егіншілердің қыстауынан 10 шақырым жердегі Жүзкі деген төбеге орналасып, қару-жарақ жинап, жан-жақпен хабарласып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Тауип болысында Аймамбет, Кенжеғара болысында Айжарқын, Аманкөл болысында Келтай бас

сталаң көтерілісшілермен байланыс жасап патша әскерлерінің бағытын біліп, оларға қарсы қарулы қарсылық жасаудың жоспарын ойлады. Қызылжар болысының бүкіл Ырғыз өңіріне белгілі байларды Таңарбайдың Омары, Беркімбайдың Ағымбайы, Оспанбайдың Сағындығы, Манаттың Қожағы, Жетесбайдың Бердені, Қосқұлақтың Қойшыбайы бірлесіп Тайшымы Орысұлының

Тарихтан тағылым

ЫРҒЫЗ ӨНІРІНДЕГІ КӨТЕРІЛІС

іс-қимылдарына қарсы үкіметтен әскер, қару-жарақ сұрап, көтерілісшілерге қарсы іс-әрекет жасауды ойластыруға кірісті, майданға қара жұмыс алынатын жігіттерді тізімін жасады. Әсіресе Тайшымы жігіттері 300 жылқысын қуып алған Баймырза балалары, 100 жылқысынан айырылған Байзақ балалары патша әскерінің күшімен Тайшымыды қолға түсіріп, сарбаздарын таратып көтерілісті басып жаншуга күш салды. Бұл кезде жан-жақтан қуылып келіп қосылып Тайшымы сарбаздары 1 мыңнан асқан еді. Қарашаның 8-і күні әскердің бір бөлігін Милысорға қарай бастап, сарбаздардың жердеттерді күтетін жерлерін белгілеп Тайшымы қарсы әрекетке көшті.

Омар бай бастаған 10 шақты шонжар 60-тан астам жігітімен Тайшымыды қолға түсіруге асықты. Тайшымы Милысорға 30 жігітті жасырып қойып, өзі 70 сарбазмен байларға қарсы шығып, жақындағасын мылтық атып 2-3 кісіні жарақаттап, Омардың адамдары кейін қашып, оларды Милысорда күтіп жатқан сарбаздар қоршап алды. Байлардың ішінен бесеуін алып қалып қалғанын қоя берді. Осы бесеуін көтерілісшілердің ұйғарымымен табанда өлтіріп, сүйектерін өртеп, қалдығын Милысордың құдығына тастады. Қашып кеткен Омарбайды үйіне дейін қуып барып, оны үйінде өлтірді.

Кейіннен Тайшымы Орысұлы бастаған сарбаздарға қарсы орыс солдаттары шығып көтерілісшілердің басшыларын ұстады.

Тайшымы үш баласы - Қыстаубай, Жілікқыман, Жылқыбай төртеуі Ырғыздың түрмесіне қамалып, Орынборға айдалды.

Орынбордағы "Қазақ" газеті бұл туралы былай деп жазды: "Ырғыздың қара басқан хандарын көтеріліс басшыларын айтады - Б. Қ.) 25 апрельде (1917 ж) әскер соты тергеп атуға бұйырды. Бірақ Николай патша құлаған соң 1917 жылдың 10 наурызында барлық жолдастарымен Тайшымы түрмеден босап шықты. Кейін Тайшымы Орысұлы Ырғыз ауданы Узынкөл ауылындағы "Көркем" серіктігіне мүше болды".

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі мәні мен мазмұны туралы айтқан кезде біз тарихи бұрмалаушылықтың болғанын жасырмауымыз керек. Бұл туралы Қазақстан академиясы, халық депутаты М. Қозыбаев "Советтік тарихнамасында 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты тек Ресей қолырағынан туындататынбыз. Шын мәнінде ол газетілер бойғы ұлт-азаттық күресінің жалғасы әрі оның биік шыңы болатын. Бұл ұлы революция барысында қалың ел жапатармағай атқа қонды, хандық билік жүйесі қалпына келтірілді. Дүрлікпен қазақ елін басу үшін патша үкіметі бүкіл Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуға жұмсаған қарулы күштен арты, әскери экспедициялар жасақтады, қарашекенді мүшкетерге қару үлестіріп, христиандарды, мұсылмандарды қыруға рәсім түрде шақырды. Бүкілхалықтың сипаты бар, қарарды да зәрлі, мұңлы да зәрлі әуенге толы сол бір жыл қазақ халқының ғұндардан қалған, түрікпен, қыпшақтардан қалған босандық сүйіш қаһарман халық екендігін, қылыш, найзамен зеңбірекке қарсы шапқан қайран ерлердің дәрменсіздігін көрсетпеді ме?" ("Қазақстан мектебі" 1993 ж, № 1, 15 бет) деп атап көрсетті.

Қазақстан тарихының жаңа өмірімізге сай, жаңа тұжырымы (концепциясы) академик Манаш Қозыбаев ағамыздың осы сөздерінен айқын көрініс тапты. Біз осы тұжырымды нағыз дұрыс бағыт деп қабылдауымыз керек.

Ырғыз өңіріндегі 1916 жылғы көтеріліс патша әскерлерінің күшімен қатаң бағылып жаншылды, ел қанға боялып, жан түршігерлік тонауға түсті. Сарбаздардың басшылары түрмеге жабылып, жігіттер майданның қара жұмысына айдалды. Осы қаталдықпен жүргізілген жазалау жұмыстары тек қана қазақ зиялыларының қажымас талаптарына сәйкес Ақпан революциясының нәтижесінде ақ патшаның тақтан түсуіне байланысты әрі қарай жалғасын таппай тоқтатылды.

Ырғыз көтерілісінің негізгі ерекшеліктері - оның басшылары болып халық өзі қалаған хандар сайланды. Әскер басында, әсіресе мыңдық, жүздік басшылары болып ел арасында ықпалды атақты батырлар, ержүрек сарбаздар тағайындалды. Айта кететін бір жағдай, осы күнге дейін көтеріліске басшылық жасаған хандар мен сарбаз басшылары туралы ештеңе айтылмай, олардың аттары халықтан жасырылып келді. Өйткені көтеріліс тек қана майданға жігіт жібермеуге ғана бағытталмай, өзінің негізгі сипатына қарай орыс мемлекетінің отыршылық саясатына қарсы халықтың ұлт-азаттық көтерілісі болған еді. Көтерілістің аяусыз басып жаншылуды осының дәлелі болады. Тағы бір басы ашық мәселе көтеріліске қатынасқандар тұма-туысқандарымен бірге қатаң жазалаудан қашып, шектес Россия жерлері мен шет елдерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Сонымен қатар қара жұмысқа алынған жігіттердің көпшілігі майдандағы аштық пен қорлықтың салдарынан туған жерден алыста өлімге ұшырап, отаршылдық саясаттың құрбаны болды.

Қазақ халқының азаттық үшін күресінің жарқын беттері болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихын тереңдеп зерттеу - біздің басты міндетіміз. Өйткені, халықтың адал ұлдарының елге сіңірген еңбегі бүгінгі ұрпақтың заңды мақтанышына айналуға тиіс.

Б. ҚҰРМАНБЕКОВ,
Қобда ауданы.